

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 маусым N 793. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.30. N 1856 қаулысымен ~P971856.

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, жекешелендіру процесінің бәсекелестігі мен тереңдеуін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясының 1-қосымшада санамаланған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

2. "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының 2 және 3-қосымшаларда санамаланған акционерлік қоғамдар мен басқа заңды тұлғалар (мүліктің мемлекеттік үлестерінің) акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1-қосымшада санамаланған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері қайтарып алынсын және оларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сату үшін Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына "Жеңіс" (Жезқазған облысы), "Құланды" жылқы зауыты (Қызылорда облысы) және "Арал" асыл тұқымды зауыты (Қызылорда облысы) акционерлік қоғамдары акцияларының қалдық мемлекеттік пакеттерін, осы акционерлік қоғамдар акционерлерінің жалпы жиналысында олардың "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына қосылуы туралы қабылданған шешімдеріне байланысты иелену, пайдалану және билік ету құқығы (иеліктен алу мен кепілдікке беру құқығынсыз) берілсін;

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына 2-қосымшада санамаланған акционерлік қоғамдар акцияларының қалдық мемлекеттік пакеттерін "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта құруға және осы акционерлік қоғамдар акционерлерінің жалпы жиналысында олардың "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына қосылуы туралы қабылданған шешімдеріне байланысты иелену, пайдалану және билік ету құқығы (иеліктен

алу мен кепілдікке беру құқығынсыз) берілсін;

"Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының 3-қосымшада санамаланған акционерлік қоғамдар мен басқа заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттері (мүліктің мемлекеттік үлестері) қайтарып алынсын және оларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

4. Ауыл шаруашылығын қайта құру кезеңіне арналған (1996-1997 жылдары) "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясының 4-қосымшада аталған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және билік ету құқығы (иеліктен алу мен кепілдікке Беру құқығынсыз) сақталсын

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясы акционерлерінің жалпы жиналысына "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына қосылу жолымен қайта құру мәселесін енгізсін, қосылған компанияның құқығы мен міндетін белгіленген тәртіппен акт бойынша берсін.

6. "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының

президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 807 қаулысының;

"Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8
қыркүйектегі N 842

P930842_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,
1993 ж., N 356, 415-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 25 маусымдағы

N 793 қаулысына

1-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері қолданылып жүрген
заңға сәйкес сатуға жататын "Асыл" мемлекеттік
акционерлік компаниясы акционерлік қоғамдарының

Тізбесі

Рет N	Атауы	Акциялардың мемлекеттік пакетінің мөлшері, %
1	"Ақ қайың" АҚ (Солтүстік Қазақстан облысы)	48
2	"Шалабай" АҚ (Семей облысы)	48
3	Бородин атындағы АҚ (Қостанай облысы)	48
4	"Индустриалды" АҚ (Алматы облысы)	48
5	"Кормхоз" АҚ (Алматы облысы)	48

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 маусымдағы
N 793 қаулысына
2-қосымша

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына берілетін
акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану
және билік етуге арналған "Руноқаракөл" мемлекеттік
акционерлік компаниясы акционерлік қоғамдарының
Тізбесі

Рет N	Атауы	Акциялардың мемлекеттік пакетінің мөлшері, %
1	"Есбол" АҚ (Атырау облысы)	40
2	"Талас" АҚ (Жамбыл облысы)	48
3	"Көктал" АҚ (Бұл да)	48
4	"Тоғызкент" АҚ (Бұл да)	48
5	"Ұланбел" АҚ (Бұл да)	48
6	"Қожатоғай" АҚ (Оңтүстік Қазақстан облысы)	48
7	"Темір" АҚ (Бұл да)	48
8	"Көксу" АҚ (Бұл да)	48
9	"Шардара" АҚ (Бұл да)	48

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 маусымдағы

N 793 қаулысына

3-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері (мүліктің мемлекеттік үлестері) қолданылып жүрген заңға сәйкес сатуға жататын "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының акционерлік қоғамдары мен басқа заңды тұлғаларының Тізбесі

Рет N	Атауы	Акциялардың мемлекеттік пакетінің (мүліктің мемлекеттік үлесінің) мөлшері, %
1	"Ақтөберуно" АҚ (Ақтөбе облысы)	48
2	"Орал мех комбинаты" АҚ (Батыс Қазақстан облысы)	48
3	"Мұқыр" АҚ (Атырау облысы)	48
4	"Бостандық" АҚ (Жамбыл облысы)	48
5	"Созақ" ұжымдық шаруашылығы (Оңтүстік Қазақстан облысы)	31
6	"Байыркұм" шағын кәсіпорындарының ассоциациясы (Бұл да)	20
7	"Шабыт" АҚ (Бұл да)	48
8	"Қазқаракөл" АҚ (Бұл да)	48
9	"Көксарай" АҚ (Бұл да)	48

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 25 маусымдағы

N 793 қаулысына

4-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және билік ету құқығы "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясында сақталатын акционерлік қоғамдардың Тізбесі

1 "Красноярск" асыл тұқымды шаруашылығы АҚ

- (Ақмола облысы)
- 2 "Ақсай" асыл тұқымды зауыты Ақ
(Алматы облысы)
- 3 Томаровский атындағы асыл тұқымды шаруашылығы Ақ
(Алматы облысы)
- 4 "Красная поляна" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Жезқазған облысы)
- 5 "Карагандинец" асыл тұқымды зауыты АҚ (қарағанды облысы)
- 6 "Асыл тұқым" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ
(Қостанай облысы)
- 7 "Песчанск" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Павлодар облысы)
- 8 "Ұзынкөл" асыл тұқымды шаруашылығы Ақ
(Солтүстік Қазақстан облысы)
- 9 "Балқашино" асыл тұқымды зауыты Ақ
(Ақмола облысы)
- 10 "Аңкаты" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Батыс Қазақстан облысы)
- 11 "Шағатай" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Батыс Қазақстан облысы)
- 12 "Алабота" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Көкшетау облысы)
- 13 "Кең шалғын" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Қостанай облысы)
- 14 "Покровск" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Қостанай облысы)
- 15 "Қалбатау" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Семей облысы)
- 16 "Просторненск" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Жезқазған облысы)
- 17 "Достық" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Ақмола облысы)
- 18 Қастек батыр атындағы асыл тұқымды зауыты АҚ
(Алматы облысы)
- 19 "Ақбұлақ" асыл тұқымды зауыты Ақ
(Жамбыл облысы)
- 20 "Мерке" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Жамбыл облысы)
- 21 "Сұлукөл" асыл тұқымды зауыты АҚ

- (Қостанай облысы)
- 22 "Бесқарағай" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Павлодар облысы)
- 23 Әбжанов атындағы асыл тұқымды зауыты АҚ
(Семей облысы)
- 24 "Сарыбұлақ" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Талдықорған облысы)
- 25 "Бірлік" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Батыс Қазақстан облысы)
- 26 "Күйік" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Оңтүстік Қазақстан облысы)
- 27 "Червенное" асыл тұқымды шаруашылығы АҚ
(Көкшетау облысы)
- 28 "Іле" асыл тұқымды шаруашылығы АҚ
(Алматы облысы)
- 29 "Мұғаджар" жылқы зауыты АҚ
(Ақтөбе облысы)
- 30 "Дегерес" жылқы зауыты АҚ
(Алматы облысы)
- 31 "Көгершін" жылқы зауыты АҚ
(Жамбыл облысы)
- 32 "Елікті" жылқы зауыты Ақ
(Көкшетау облысы)
- 33 "Мың жылқы" АҚ
(Алматы облысы)
- 34 "Семиреченск АҚЗ" мемлекеттік асыл тұқымды зауыты АҚ
(Алматы облысы)
- 35 "Феникс" асыл тұқымды репродукторы АҚ
(Алматы облысы)
- 36 "Племптица" мемлекеттік асыл тұқымды зауыты АҚ
(Қостанай облысы)
- 37 "Юбилейное" асыл тұқымды зауыты АҚ
(Ақмола облысы)
- 38 "Мерей құс фабрикасы" асыл тұқымды репродукторы АҚ
(Оңтүстік Қазақстан облысы)
- 39 "Ақмола-Асыл" мал шаруашылығындағы асыл тұқымды ісі
жөніндегі АҚ
(Ақмола облысы)
- 40 "Ақтөбе" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі Ақ

(Ақтөбе облысы)

- 41 "Алматы" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі аумақтық акционерлік компаниясы (Алматы облысы)
- 42 "Атырау" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Атырау облысы)
- 43 "Селекция" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі акционерлік компания (Шығыс Қазақстан облысы)
- 44 "Асылдандыру" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Жамбыл облысы)
- 45 "Еділбай" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Жезқазған облысы)
- 46 "Ақ жайық" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Батыс Қазақстан облысы)
- 47 "Таң" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Қарағанды облысы)
- 48 "Қамқор" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Қызылорда облысы)
- 49 "Құлагер" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Көкшетау облысы)
- 50 "Селекция" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Қостанай облысы)
- 51 "Түлік" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Маңғыстау облысы)
- 52 "Локус" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Павлодар облысы)
- 53 "Элита-Север" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Солтүстік Қазақстан облысы)
- 54 "Ертіс" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Семей облысы)
- 55 "Селекцентр Асыл" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі АҚ (Талдықорған облысы)
- 56 "Торғай" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі Ақ (Торғай облысы)
- 57 "Шымкент-Асыл" мал шаруашылығындағы асыл тұқым ісі жөніндегі Ақ (Оңтүстік Қазақстан облысы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК